

«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ

Гуманитарлық факультет

Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

B015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді дайындау

6B01606 -«Тарих»

Екінші жоғарғы білім: 2 жыл

Түскен жылы - 2021

Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасында жасалды

Факультеттің ОӘК отырысында қаралды және мақұлданды
Хаттама № __5__ «_20__»__05__ 2021ж.

Университеттің оқу – әдістемелік кеңесінде қайта бекітілді
Хаттама №__1__ «__17__» ____09____ 2021 ж.

Екінші жоғарғы білім: 2 жыл

Түскен жылы 2021 ж.

Таңдау пәні реттік №	Пәннің атауы	Кредит саны	Пререкви зиттер	Пострекви зиттер	Пәнді оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижесі (білу керек, меңгеру керек)
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР					
Таңдау компоненті (ТК)					
1	Археология	5	Жалпы білім беретін орта мектепте тарихи білім негіздері	Мұрағаттану	Мазмұны: Пән археологиялық білімнің тарих ғылымы жүйесіндегі орнын жан-жақты зерттейді, ол археологиялық көздердің негізгі түрлерін, олардың қалыптасу ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, оларды зерттеу және сақтау әдістерін сипаттайды. Пәнді оқытуда оның бірқатар гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарымен байланысы ескеріледі. Жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде археологияның орнын арттыруда жыл сайынғы ашылу факторы, археологиялық көздер санының артуы, археологияның оқу пәні ретінде ғылыми ізденіспен тығыз органикалық байланысы, студенттердің осы процеске қатысуы маңызды рөл атқарады. Мақсаты: Археологиялық дәуірлама, археологиялық деректемелер мен ескерткіштер туралы түсініктерді жеткізу, зерттеу әдістерін, жаңа зерттеу салаларын үйрету, Қазақстан территориясындағы археологиялық мәдениеттермен таныстыру, археологиялық зерттеулерді, олардың нәтижелерін баян ету, тағы сондай көптеген мәселелерді қарастыру жоспарланады. Сол сияқты, әлемдік және достастық елдеріндегі археология ғылымының дамуы жөнінде де мағлұматтар беріледі. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек. тарихи үрдістерді қалайша археологиялық деректер жаңғырта алатындығын көрсету, археологияның қазіргі дәрежесі мен деңгейіне, оның шешімдері мен міндеттеріне, болашағына студенттер назарын аудару; Дағдылану керек: замануи педагогикалық саласындағы қызметтерді меңгеру, жоғары кәсіби педагогтардың іс – тәжірибелерін оқып – білу, жинақтау, тарату, қолдана білу, мен дағдыларын меңгеру; педагогикалық қызметте жоғары мотивацияға ие болу, өз бетімен білім алуға және өзін – өзі тануға ұмтылу

					Меңгеру керек. студент пән бойынша алған сабақтардан кейін археологияның тарихи ғылымдар жүйесіндегі орнын, оның зерттеу объектілерін, ғылым ретіндегі орнын меңгереді; тәлімгердің басшылығымен білім алушылардың бастапқы диагностикалық әдістерді әлеуетін қолданады; негіздерін педагогикалық мониторинг әдістерін, технологиялық Құзыреттілік: Зерттеушілік және оқытушылық
1	Қазақстанның археологиялық ескерткіштері	5	Жалпы беретін білім орта мектепте тарихи негіздері	Қазақстан территориясындағы ортағасырлық мемлекеттер,	Мазмұны: археология курсын оқу студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға, Қазақстанның нақты тарихи материалында адамзат қоғамының қалыптасу процесін ашуға ықпал етеді. археология, мәдениет, сәулет ескерткіштерінің қызықты әлеміне есік ашады, еліміздің бірегей көрікті жерлерімен таныстырады. Максаты: Қазақстанның негізгі археологиялық ескерткіштерін қарастыру. Білім алушылардың бойында патриоттық сезімді, еліміз үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу. Гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқуға деген ынтаны арттыру. Оқушылардың пәндік білімін, іскерлігін, дағдыларын, әлеуметтік құзыреттілігін тереңдету. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: археологиялық, архитектуралық, Қазақстан ескерткіштері. Қазақстан тарихы туралы білімді дамыту. Дағдылану керек: Тарихи материалды өзара байланыста, даму жиынтығында қарастыру, материалды объективтілік, тарихизм, ғылыми принциптер негізінде талдай білу. Меңгеруі керек: археологияның негізгі мәселелері, Қазақстан мен жақын шетел аумағындағы аса маңызды археологиялық мәдениеттердің сипаттамасы; далалық және зертханалық жағдайларда археологиялық іздеулерде қолданылатын әдістер. Құзыреттілік: Зерттеушілік және оқытушылық
2	Ежелгі Қазақстан тарихы	6	Жалпы беретін білім орта мектепте тарихи негіздері	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	Мазмұны: Пән курсы алғашқы қауымдық әлемнің қалыптасуы мен даму үрдістерін, шаруашылық жүргізу түрлерін, қоғамның ұйымдастырылуын, өндіруші шаруашылықтың пайда болуын, әлеуметтік қатынастардағы өзгерістерді қарастырады, Қазақстан аумағында мекендеген ежелгі адам топтарының тарихи дамуының негізгі аспектілерін анықтайды; Қазақстан аумағында

					алғашқы ерте мемлекеттік құрылымдар мен түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуын көрсетеді; ежелгі кезең проблемаларының тарихнамасын, деректану базасын талдайды және бағалайды. Мақсаты: Қазақстан территориясындағы ежелгі дәуірден XII ғасырдың басына дейінгі тарихи үрдістерінің негізгі кезеңдері және ерекшеліктері туралы толық түсінік беру. Ежелгі Қазақстан тарихын қарастыру және Қазақстан мәдениеті мен жағдайын зерттеу Күтілетін нәтиже: Студент білу керек: Ежелгі Қазақстан тарихын толық меңгеру; Ежелгі кезең және Қазақстанның ежелгі тарихи мәселелерін әлемдік тарихи оқиғалары контекстінде ажырата білу. Дағдылану керек: Ежелгі Қазақстан тарихы н оқытудағы жаңа теориялық-концептуалдық әдістерді дағдылану. Қазақстанның ежелгі тарихы мәселелерін оқытудың негізгі кезеңдері дамуымен байланыстыра көрсетуге дағдылану. Семинарларға дайындалу барысында қолда бар ғылыми әдебиетке өз бетінше сын көзбен талдау жасай білу. Меңгеру керек: Өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау, ретроспективті салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістері негізінде адамзаттың әлемдік –тарихи дамуымен байланыстыра отырып, талдаулар жасап, меңгеру. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
2	Алғашқы қауым тарихы	6	Жалпы білім беретін орта мектепте тарихи білім негіздері	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы Ортағасырлар тарихы, Ортағасырлардағ Азия және Африканың тарихы	Мазмұны: Курстың міндетіне төмендегідей мәселелерді оқыту жатады: адамның және адамзат қоғамының пайда болуы, олардың шаруашылықтық қызметінің, материалдық және рухани мәдениетінің тууы мен алғашқы дамуы, алғашқы қоғамның ыдырауының алғышарттары мен жалпы барысы мен таптық қоғамдардың қалыптасуы. Сондықтан бұл теориялық курс адамзат тарихының жалпы заңдылықтарының негізі болып табылады. Мақсаты: «Алғашқы қоғам тарихы» пәнінің мақсаты- студенттерде адамзат қоғамының дамуының заңдылықтарының және дамудың алғашқы сатысындағы олардың шаруашылығы мен қоғамдық қызметі туралы шынайы тарихи түсініктер қалыптастыру. Студент білу керек: алғашқы қоғамның ыдырауының алғышарттары мен жалпы барысы мен таптық қоғамдардың

					калыптасуы, адамның және адамзат қоғамының пайда болуы, олардың шаруашылықтық қызметінің, материалдық және рухани мәдениетінің тууы мен алғашқы дамуы. Дағдылану керек: адам баласының және қоғамның пайда болуы мен дамуының теориялық мәселелері; шаруашылықтың, материалдық және рухани мәдениеттердің пайда болуы және дамуы мәселелері; алғашқы қоғамдық құрылыс кезеңінің түрлі сатыларындағы қоғамдық және отбасылық қатынастардың заңдылықтары. алғашқы қоғамның ыдырау заңдылықтары. Меңгеру керек: қоғам дамуының жалпы тарихи және жеке мәселелеріне қатысты заңдылықтарды түсініп, талдай білу; алғашқы қауымдық қоғамның басқа қоғамдық формациялардан ерекшелігін айыра білу; алғашқы қоғамның қалыптасуының, дамуының, ыдырауының заңдылықтарын түсіндіре білу; архаикалық тарихи оқиғалар мен құбылыстарды түсіндіруде алғашқы қоғамдық нақты фактылық материалдарын пайдалана білу. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
3	Ежелгі дүние тарихы	6	Жалпы білім беретін орта мектепте тарихи негіздері	Ортағасырлар тарихы, Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы,	Мазмұны: Ежелгі дүние тарихы курсы екі бөлімнен тұрады: Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция мен Рим тарихынан. Бұл курс институттың тарих факультетіндегі «тарих» мамандығы студенттеріне екінші семестрде оқытылады. ЕДТ курсы арнасында Ежелгі Шығыс және Ежелгі Греция мен Римнің ортақ белгілері, әлеуметтік-экономикалық құрылысындағы, саяси институттарындағы, діни-мәдени өрістеріндегі жалпы негіздері және әрқайсысының өзіне ғана тән қоғамдық-саяси әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларындағы ерекшеліктері де қарастырылады. Мақсаты. Ежелгі дүние тарихы курсының басты мақсаты: тарихшы студенттерге Ежелгі Шығыс, Греция және Рим қоғамының алғашқы қарапайым қауымдық қоғамнан алғашқы мемлекеттік қоғамға өту тарихының басты белгілерін және мемлекеттік институттарының пайда болу тарихын, адамзат дамуындағы жаңа қоғам- өркениеттік қоғамның даму тарихын жан-жақты талдап оқыту, үйрету және игерту болып табылады. Сонымен қатар, Ежелгі дәуір өркениеттерінің адамзат қоғамының дамуының барлық өрістеріне, яғни қоғамдық- саяси,

					әлеуметтік-экономикалық және мәдени өрістерінің өркениеттердің бастауына, қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі мен орасан зор ықпалын студенттерге жете түсіндіру болып табылады. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек: Ежелгі Шығыс, Грекия мен Рим тарихы курсының ерекшеліктерін түсіндірудің методикалық аспектілерін; Ежелгі дүние тарихы курсының ұғымдық терминологиялық аппаратын. Ежелгі дәуірден жеткен тарихи деректердің түрлерін. Деректерді сыныптау жолдарын. Ежелгі методологиялық негіздерін; тарихи тұжырымдамаларға, тарихнамалық қорытындылар мен деректерге баға берудің критерийлерін білуі тиіс. Пән шеңберінде оқу құралдарымен, монографиялармен, ғылыми мақалалармен жұмыс жасауды: оқытушы ұсынған еңбектерге конспект жасауды, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі материалдарды сыни талдаудан өткізе отырып пайдалануды; ежелгі дүние тарихы жөніндегі деректерді топтай білуді және олардан мәлімет ала білуді: баяндаманы ережеге сай дұрыс жасай білуі тиіс. Дағдылану керек: Семинарларға дайындалу барысында қолда бар ғылыми әдебиетке өз бетінше сын көзбен талдау жасай білу. Картаны жақсы бағдарлауға дағдылану және оны ауызша жауап беруде пайдалана білу; Пәнді оқыту барысында бакалавр дәрістерде оқытушының жетекшілігімен семинар сабақтарымен СӨЖ-ге дайындықта дербес жұмыс жасаудың, сондай-ақ сабақ үстінде өз пікірлерін тиянақтап жеткізу, пікір-талас жүргізу дағдыға ие болуы тиіс. Меңгеру керек. Ежелгі дүние тарихының жекеленген мәселелерін және деректерді ғылыми тұрғыдан талдай білу қабілетілігі: кәсіби және әлеуметтік түрлі қызметте тарих ғылымдарының әдістерін қолдана білу: тарихи түсінік жүйесінің өзара байланысын қалыптастыру. Әр түрлі жазбаша жұмыстарды: рефераттарды, баяндамаларды, аннотацияларды және тұжырымдамаларды жазу. Ғылыми – анықтаушы аппаратты жасау мен қолдану. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
3	Тарихи антропология	6	Жалпы білім беретін орта мектепте тарихи білім негіздері	Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тұлғалары,	Мазмұны: «Тарихи антропология» курсы тарих ғылымының антропология саласының бір бөлігі ретінде антропологиялық мәліметтер негізінде тарихи даму. Тарихи антропология XX

				Ортағасырдағы Европа елдерінің тұлғалары	ғасыр бойы тарихшылар алған мәселелер мен проблемалар көрініс тапқан тарих ғылымын дамытудың заңды кезеңі ретінде әлемдік тарихнаманың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Тарихи антропологияны дамытудың өзекті мәселелері аясында теориялық мәселелері қаралады және олар-тарихи білімнің жаңа бағытының мәні мен әдісін анықтау арқылы білімін қалыптастырады. Мақсаты: Тарихи антропологиялық мәліметтер бойынша түсінік беру, адамның қалыптасып дамуы жайында мәлімет беру. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: студенттер ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі антропологиялық зерттеулер туралы ақпарат алады, антропологиялық зерттеулер ретінде қолданбалы ғылым туралы теориялық білім алады. Дағдылану керек: қазіргі заманғы тарихи зерттеулердің негізгі антропологиялық үрдістерін пайдалану; жалпы және отандық тарихты зерттеуде тарихи - антропологиялық білімді пайдалану; Меңгеру керек: пәндік өріс, тарихи антропологияның терминдері мен түсініктері Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
4	Ортағасырлар тарихы	5	Ежелгі дүние тарихы	Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы, Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихы	Мазмұны: Орта ғасырлар тарихы 5 ғасырдан 17 ғасырдың ортасына дейінгі Батыс және Орталық Еуропа елдерінің, сонымен қатар Византияның тарихын қамтиды, яғни феодализмнің пайда болуынан оның ыдырауы мен капиталистік қатынастардың генезисіне дейін. Орта ғасырлар- феодализм қатынастардың тууы, қалыптасуы, гүлденуі және ыдырауының, қазіргі Еуропа мемлекеттерінің және оның ұлттар мен ұлыстардан пайда болуы және адамзаттың пайда болуының маңызды кезеңі. Орта ғасырларда римдік-католиктік, православиелік және протестанттық шіркеудің және христиандық діни ілімнің негізі қалыптасады. Кейінгі антикалық немесе варварлықтан дамыған қалалық және рыцарлық мәдениет, университеттердің пайда болуы, Қайта өркендеу дәуірінде нақты көрініс тапқан гуманистік көзқарастың тууына дейін қоғамның рухани дамуында тереңдеген өзгерістердің болуы. Сонымен қатар орта ғасырлар тарихы - шиеленіскен әлеуметтік қайшылықтар, қырғын соғыстар, әртүрлі эпидемиялар, еркін

					ойды басып-жаныштау, отарлық жүйенің басталуы. Мақсаты: Медиевистикада, соның ішінде Қазақстан медиевистикасында кезеңдеуге сәйкес орта ғасырлар тарихы халықтардың ұлы қоныс аударуынан (ІҮ ғасырдың соңы) ХҮІІ ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясына дейінгі мерзімді қамтиды. Ерте орта ғасырлар тарихы ІҮ ғасырдан ХІ ғасырдың ортасынан, дамыған кезең ХІ ғасырдың ІІ жартысынан ХҮ ғасырды, кейінгі орта ғасырлар ХҮІ ғасырдан-ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысына дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Орта ғасырлар тарихын зерттеудегі негізгі мақсат орта ғасырлық қоғамның Европа және Византия елдеріне қатысты маңызды процестерін айқындап, олардың мән, маңызын ашып көрсетуге бағыт-бағдар беру. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек. Еуропа мен Азия елдерінің ортағасырлар тарихына қатысты ұғымдық терминологиялық аппаратын. Ортағасырлық жазба деректердің түрлерін; Орта ғасырлық тарихтың тұжырымдамаларын, орта ғасырлық қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысының қалыптасу жолдары мен түрлерін білуі тиіс. Дағдылану керек: Орта ғасырлық еңбектерді талдау; Деректерге жан-жақты талдау жасай білу тиіс, Деректерді және тарихнамалық еңбектерді талдай білу; Деректерді сыни талдаудан өткізу. Зерттеу жұмысында деректанулық және тарихи талдау жүргізу әдістерін меңгеру дағдысына ие болуы тиіс. Меңгеру керек. Өртүрлі медиевистикалық мектептер арасындағы маңызы теориялық сұрақтарды, ортағасырлардағы Батыс елдеріндегі тарихи дамудың негізгі және өзекті мәселелерін айқындап, олардың мән, маңызын ашып көрсетуде құзыретті болуы тиіс. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
4	Ортағасырдағы Европа елдерінің тұлғалары	5	Тарихи антропология	Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы,	Мазмұны: Еуропа елдеріндегі ортағасырлық тарихи тұлғалар туралы ақпарат береді. Нақты тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі контекстіндегі ортағасырлық қоғам генезисінің өзекті мәселелері мен мәселелерін қарастырады, сондай-ақ студенттердің сыни ойлауын дамыту үшін

				Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихы	ғылыми және оқу әдебиетімен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Мақсаты: Ортағасырдағы Европа елдерінің тұлғалары және тарихта алатын ролі туралы мәлімет беру. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: Шығыстың ортағасырлық өркениеттері эволюциясының тарихын; қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық-әдіснамалық мәселелерін.; Дағдылану керек: ортағасырлық шығыс өркениеттерінің мәдениеті мен қоғамын дамытудағы маңызды белгілерді бөліп көрсету,- жазбаша және ауызша жауаптар түрінде өз қызметінің нәтижелерін ұсыну. Меңгеруі керек: әр түрлі медиевистік мектептер арасындағы мағынасы теориялық мәселелерді, орта ғасырдың Батыс елдеріндегі тарихи дамудың негізгі және өзекті мәселелерін анықтауда, олардың мәні мен мағынасын ашуда құзыретті болуы керек. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
5	Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы	5	Ежелгі дүние тарихы	Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы, Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихы	Мазмұны: «Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар тарихы пәні де адамзат тарихы сынды бірнеше тарихи формациялы дәуірлер мен кезеңдерден тұрады. Тарихи хронология жағынан алғанда бұл дәуір құл иеленуші қоғамдық жүйенің құлауынан капиталисттік даму кезеңінің басталуына дейінгі кезеңді қамтиды. Осы аралықтағы кезеңді біз «орта ғасырлар» немесе «феодалдық даму формациясы», «феодалдық дәуірі» деп атаймыз. Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің тарихы ежелгі шығыс елдерінің тарихының жалғасы және жаңа заман тарихына дейінгі кезеңді қамтитын аралық деңгейде болғандықтан, жалпы тарихтың негізгі оқиғалары, процесстері, басталады. Феодализмнің қалыптасуы, дамуы құбылыс, заңдылықтарын үйретуге мүмкіндік береді. Мақсаты: Тарихшы мамандығын игеруші студенттер университеттегі оқу процесі барысында мамандықты жан-жақты игеру үшін аса қажетті де міндетті болып табылатын түрліші пәндермен танысып, толық игеріп шығарылуы қажет. Әрі бұл пәндер қарапайымнан күрделіге қарай және тарихи кезең-кезеңге саралана отырып, игерілуі керек. «Адамазат тарихы» да осындай көп салалы, көп кезеңді пәндерден тұрады, олардың аса

					маңызды да, құнды бөлігінің бірі- Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар тарихы пәні. Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар тарихы оқытудағы негізгі мақсаты ортағасырлық Азия және Африка елдерінің тарихи дамуының негізгі мәселелері, құбылыстары, заңдылықтарын оқыту. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек. Азия және Африка елдерінің тарихын оқып үйренудің мақсаты дүние жүзі тариыхының даму заңдылықтарын танып білу.Әлеуметтік экономикалық және саяси дамуының нақты материалдары негізінде осы елдердің тарихын талдау жасауды үйрену. Курстың пәнін, міндеттерін білуге тиіс. Мамандық бойынша мемлекеттік стандарт, типтік бағдарлама негізінде курсының негізгі мазмұнын білуге тиіс; Дағдылану керек: Семинарларға дайындалу барысында қолда бар ғылыми әдебиетке өз бетінше сын көзбен талдау жасай білу. Картаны жақсы бағдарлауға дағдылану және оны ауызша жауап беруде пайдалана білу. Меңгеру керек. Тарих ғылымындағы Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің тарихын зерттеу барысы, жетістіктерін білуге тиіс; Тарихи материалдарды сын тұрғысынан талдай білуі тиіс; Тарихи деректермен жұмыс істей білу, сын тұрғысынан қарастыру; Курс барысында алған теориялық білімдерін педагогикалық практика барысында, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе білу барысында қолдана білуге тиіс. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
5	Ортағасырд ағы Азия және Африка елдерінің тұлғалары	5	Тарихи антропология	Орталық Азия мемлекеттерінің тарихы	Мазмұны: Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы бойынша дәріс курсының негізінде орта ғасырлық дамудың күрделі үдерістерінде жақсы бағдарлауға мүмкіндік беретін ауқымды мәселелерді қарастыру болып табылады. Бірінші бөлімде орта ғасырдағы Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің қауымдық дамуының негізгі проблемалары талданады, екінші бөлімде - нақты афроазиялық қоғамдардың негізгі кезеңдері мен даму проблемалары талданады. Сонымен қатар, Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тұлғалары туралы дерек көздерімен және тарихнамасымен таныстырылады. Мақсаты: Ортағасырдағы Азия және

					Африка елдерінің тұлғалары және тарихта алатын ролі туралы мәлімет беру. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: Шығыстың ортағасырлық өркениеттері эволюциясының тарихын; қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық-әдіснамалық мәселелерін.; Дағдылану керек: ортағасырлық шығыс өркениеттерінің мәдениеті мен қоғамын дамытудағы маңызды белгілерді бөліп көрсету,- жазбаша және ауызша жауаптар түрінде өз қызметінің нәтижелерін ұсыну. Меңгеруі керек: семинарларға дайындық кезінде бар ғылыми әдебиеттерді өзіндік сыни талдау дағдылары. Картада жақсы шарлау және оны ауызша жауапта пайдалану мүмкіндігі. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
6	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	5	Ежелгі Қазақстан тарихы	Қазақстанның жаңа заман тарихы, Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Мазмұны: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алу объективті тарих жасау қажеттілігі туралы мәселені аса өзекті етіп отыр. Бұл жалпы ұлттық бірліктің қалыптасуын, мемлекеттік құрылымның нығаюының, тәуелсіздігіміздің орнығуының, азаматтықты және патриотизмді дұрыс түсінудің факторларының бірі болып табылады. Қазақстан тарихын дүниежүзілік тарихи процесстер бастауында, ал қазақ этносын адамзат өркениетін дамытуға қайталанбас ерекше үлес қосушы деп қарауда анықтаушы бағытқа айналуға. Ал бұл болашақ мамандардың Отан тарихынан жан-жақты білімге ие болуын қажет етеді. Мақсаты: Қазақстан территориясында түркілік кезең туралы толық түсініктер беру. Тиянақты түрде және санқырлы негізде қазақ халқының шығу тегі мәселесін ашу, қазақ мемлекеттілігінің шығуының және оның дамуының, этникалық территориясының қалыптасуының және ұлттық мәдениетінің қайталанбас ерекшелігін ашып көрсету. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек: Тарихи эволюция заңдарын түсіндіру, тарихилық принцип негізінде, тарихи өткенімізді талдау алуы. Тарихи деректерді жіктеу мен тарихнамалық талдау жасай білу. Қазақстан аумағындағы тарихи үрдістерінің негізгі кезеңдерін білулеріне. Дағдылану керек: Семинарларға дайындап барысында қолда бар ғылыми әдебиетке бетінше сын көзбен талдау жасай білу. Картаны жақсы бағдарлауға дағдылану және

				оны ауызша жауап беруде пайдалана білу; Әр түрлі жазбаша жұмыстарды рефераттарды, баяндамаларды аннотацияларды және тұжырымдамаларды жазу. Ғылыми –анықтаушы аппаратты жасамен қолдану. Меңгеру керек. Адамзат тарихының өткені, бүгіні мен болашаққа ықпалының нақты шынайлығын сыни тұрғыда бағалай білу қабілеттілігі мен кәсіби құзыретіне қатысты көзқарасын дәлелдей білу; Қойылған мәселені конструктивті шешуде ретроспективті салыстырмалы-тарихи талдау және ғылыми зерттеу әдістері арқылы ортақ парадигма тұрғысынан адамзат қоғамының әлемдік тарихи дамуын бағалауды. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
6	Қазақстан территориясындағы ортағасырлық мемлекеттер	5	Қазақстанның археологиялық ескерткіштері	Қазақстанның жаңа заман тарихы, Қазақстанның қазіргі заман тарихы Мазмұны: Қазақстан территориясындағы ортағасырлық мемлекеттердің қалыптасу тарихы мен саяси экономикалық тарихы оқытылады. Курс Қазақстан аумағында ерте орта ғасыр дәуірінен бастап пайда болған және мемлекеттік құрылымдардың даму тарихын, орта ғасыр мемлекеттерінің қалыптасу тарихын, орта ғасыр дәуірінің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын, этникалық және мәдени үдерістерін баяндайды; Орта Азия тарихы мен оның халықтары бойынша ортағасырлық дереккөздерді, мұсылман тарихнамасын, Қытай дереккөздерін қарастырады; аймақтың ортағасырлық тарихын зерттеудегі негізгі бағыттарды зерттейді: көшпенділік номадизм және мәдениеттану концепцияларын, түркология және; Еуразияның ірі көшпелі империяларының проблематикасы ортағасырлық: ежелгі түріктер, моңғолдар, Моңғол империясы, Тимур империясы; буддизм, христиандық және ислам сияқты әлемдік діндердің Орталық Азияның өңірі мен мәдениетіне әсерін талдау берілген, өңірдегі исламның таралуы мен нығаюындағы суфизмнің рөлі көрсетілген. Жазба деректер кешені негізінде постмонгол мемлекеттерінің, Қазақ хандығының қалыптасуы мен даму процестерін, қазақ халқын қосу, Қазақ хандығының құрылу мәселелерін, деректерде және тарихнамада көрініс табуды қарастырады. Мақсаты: Қазақстан территориясындағы орта ғасырлық мемлекеттер тарихы туралы түсінік беру. Күтілетін нәтижелер: Студент білу керек: Тарихи эволюция заңдарын түсіндіру, тарихилық принцип

					негізінде, тарихи өткенімізді талдау алуы. Тарихи деректерді жіктеу мен тарихнамалық талдау жасай білу. Қазақстан аумағындағы тарихи үрдістерінің негізгі кезеңдерін білулеріне. Дағдылану керек: Семинарларға дайында барысында қолда бар ғылыми әдебиетке бетінше сын көзбен талдау жасай білу. Картаны жақсы бағдарлауға дағдылану және оны ауызша жауап беруде пайдалана білу; Әр түрлі жазбаша жұмыстарды рефераттарды, баяндамаларды аннотацияларды және тұжырымдамаларды жазу. Ғылыми –анықтаушы аппаратты жасау мен қолдану. Меңгеру керек. Адамзат тарихының өткені, бүгінгі мен болашаққа ықпалының нақты шынайлығын сыни тұрғыда бағалай білу қабілеттілігі мен кәсіби құзыретіне қатысты көзқарасын дәлелдей білу; Қойылған мәселені конструктивті шешуде ретроспективті салыстырмалы-тарихи талдау және ғылыми зерттеу әдістері арқылы ортақ парадигма тұрғысынан адамзат қоғамының әлемдік тарихи дамуын бағалауды. Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
7	Мұражай тану	5	Жалпы білім беретін орта мектепте алған тарихи білім негіздері	Мұрағаттану	Мазмұны: Мұражайтану-әлеуметтік ақпараттарды сақтау, мұражай ісі, мұражай заттарының тану мен таныстыру білімі,мұражайтанудың әлеуметтік мәдени және түрлі қоғамдық-экономикалық жағдайлардың жүзеге асу үрдістерін оқытатын ғылым. Мұражайтану - бірнеше жылдан бері қай елдің болмасын мәдени дәстүрдің бет бейнесінің айнасы болып келеді. Мәдени дәстүр адамның шығармашылық ойлау қабілетінің жоғары жеткен жетістігі деуге болады. XX ғасыр мұражай ісінің өркендеу кезеңі болып табылады.Мұражайтану пәні базалық таңдау курсы,пәннің пререквизиті Тарихи өлкетану,постреквизиті Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы (VI-XIXғғ) Мақсаты: Мұражайтану курсының мақсатымұражай ісінің теориялық негізі,-мұражай ісінің ғылыми негізі, қызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісі, мұражай ісінің әлеуметтік-мәдени қызметері, мұражай ісінің тәжірбиелік негізі-ғылыми-зерттеу жұмысы мұражай ісінің қалыптасуының негізі, мұражай ісінің бағыттары, мұражай ісін қазіргі мұражайды басқару технологиясындағы менеджмент және маркетинг мәселелерін қарастыру, оның

					жүйелерін үйрету. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек: қазіргі мұражайтану ісі және, ондағы жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы білуі керек, мұражай ісінің ғылыми негізі, атқаратын қызметтерін білуі керек, мұражай ісінің әлеуметтік-мәдени қызметері, мұражай ісінің тәжірбиелік негізі-ғылыми- зерттеу жұмысы жайлы білуі керек, мұражай ісінің бағыттары туралы білуі керек. Меңгеруі керек: тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды меңгеруі керек, тарихи білім берудің талаптарын, ғылыми – методологиялық негіздерін меңгеруі керек. Дағдылану керек: мұражай ісінің ғылыми негізі, атқаратын қызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісінмен танысу, мұражайдың қоғамдағы рөлі мен маңызы туралы меңгеруі керек, өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау, салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістері негізінде оларды адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра көрсетуді меңгеру. Құзыреттілік: Зерттеушілік және әдістемелік
7	Әлем мұражайларының тарихы	5	Жалпы білім беретін орта мектепте тарихи білім негіздері	Мұрағаттану	Мазмұны: Мұражайдың қалыптасуы туралы ақпарат, әлемнің жетекші мұражайларының музей қорлары мен экспонаттары туралы теориялық және практикалық мәліметтер береді. Мұражай ісін, мұражай ісінің тарихы мен эволюциясын зерттейді. Студенттер отандық және әлемдік мәдениет тарихы контекстінде мұражайлар туралы ақпарат алады. Мақсаты: Мұражайдың қалыптасуы туралы ақпарат, әлемнің жетекші мұражайларының музей қорлары мен экспонаттары туралы теориялық және практикалық мәліметтер береді. Мұражай ісін, мұражай ісінің тарихы мен эволюциясын зерттейді. Студенттер отандық және әлемдік мәдениет тарихы контекстінде мұражайлар туралы ақпарат алады. Күтілетін нәтиже: Студенттер білу керек: шет елдердегі мұражайлардың қалыптасу тарихы туралы мағлұматтарды игереді. Мұражайтану-әлеуметтік ақпараттарды сақтау, мұражай ісі, мұражай заттарының тану мен таныстыруды біледі, мұражайтанудың әлеуметтік мәдени және түрлі қоғамдық-экономикалық жағдайлардың жүзеге асу

					үрдістерін меңгереді. Дағдылау керек. Мұражай ісінің ғылыми негізі, атқаратын қызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісінмен танысу, мұражайдың қоғамдағы рөлі мен маңызы туралы дағдылану керек, мұражай ісінің бағыттары туралы дағдылану керек. Меңгеруі керек: Тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды меңгеруі керек. Тарихи білім берудің талаптарын, ғылыми – методологиялық негіздерін меңгеруі керек. Өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау, салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістері негізінде оларды талдау, меңгеру. Құзыреттілік: Зерттеушілік және әдістемелік
8	Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы	5	Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы, Ортағасырлар тарихы	Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихы,	Мазмұны: Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы пәні шетелдердегі мемлекеттері мен халықтарының саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тұтас түсінік, студенттердің XVII-ғасыр мен XX-ғасыр басындағы Батыс және Шығыс елдерінің тарихи дамуының қазіргі концепциясын қалыптастыру. Жетекші елдердің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуының мәні мен ерекшеліктері, сондай-ақ әлеуметтік қозғалыстағы және халықаралық қатынастардағы жаңа құбылыстар туралы түсінік Мақсаты: студенттердің отандық тарихнамада орныққан бірқатар ұғымдардың салыстырмалылығына және европоцентристік көзқарастың шектеулігіне ерекше назар аударып, Шығыс пен Батыс халықтарының саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: ХУП ғ. ортасынан бастап XX ғ. оныншы жылдарына дейінгі кезеңдегі оқу пәнінің базалық материалы (түсініктер, атаулар, даталар); Шығыстың тарихи дамуының негізгі кезеңдері, оның әлемдік тарихтағы орны; Шығыстың жалпы және шығыс пен Батыстың жекелеген елдерінің тарихи жолының заңдылықтарын білу; Дағдылану керек. Шығыстағы отарлық экспансияның формалары мен әдістерімен; Шығыс пен Батыстағы отарлық экспансияның түрлері мен әдістерімен., Әр түрлі еуропалық мемлекеттердің отарлық саясатының ерекшеліктерімен;

					Шығыс елдерінің экономикасындағы капиталистік тәртіптің даму ерекшеліктерін, отарлық тәуелділік және ұлт-азаттық күрес жағдайындағы таптардың қалыптасу ерекшеліктерімен дағдылану; Меңгеру керек. Шығыс елдерінің Еуропалық мемлекеттер мен АҚШ саясатына реакциясын; Шығыстағы қоғамдық ой эволюциясының негізгі тенденцияларын меңгеру. Құзыреттілік: Оқытушылық
8	Орталық Азия және Еуропа мемлекеттерінің тарихы	5	Ортағасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы, Ортағасырлар тарихы	Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихы,	Мазмұны: Орталық Азия мен Еуропа мемлекеттерінің тарихы туралы мәліметтер береді. Орталық Азия мен Еуропа елдерінің әлеуметтік, саяси экономикалық мәселелері қарастырылуда. Мақсаты: Орталық Азия және Еуропа мемлекеттері халықтарының материалдық және рухани мәдениеті туралы теориялық білімді қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: Шығыстың ортағасырлық өркениеттері эволюциясының тарихын; қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық-әдіснамалық мәселелерін.; Дағдылану керек: ортағасырлық шығыс өркениеттерінің мәдениеті мен қоғамының дамуындағы маңызды белгілерді бөліп көрсету - өз қызметінің нәтижелерін жазбаша және ауызша жауаптар түрінде ұсыну. Меңгеруі керек: Орталық Азия және Еуропа мемлекеттерінің тарихы туралы мәліметтерді. Орталық Азия мен Еуропаның әлеуметтік, саяси экономикалық мемлекеттерінің мәселелерін, Орталық Азия мен Еуропа мемлекеттері халықтарының материалдық және рухани мәдениеті туралы теориялық білімдерді қарастырады Құзыреттілік: Оқытушылық
9	Қазақстанның жаңа заман тарихы	5	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	Қазақстанның қазіргі заман тарихы,	Мазмұны: курс мемлекеттің экономикалық даму проблемаларын, қазақ қоғамының сословиелік стратификациясын, Қазақстандағы рухани мәдениетті, қоғамдық – саяси жағдайды көрсетеді; XVІІІ-ХІХ ғасырдағы Қазақстанның орнын,ХVІІІ ғасырдағы қазақ-жоңғар соғыстарының оқиғаларын; Қазақстанның Ресей құрамына кіру жолдарын айқындайды; басқарудың отарлық жүйесін қалыптастыру процесін, Қазақстандағы патшалық саясатының мәнін ашады, Қазақстанның Ресейдің қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларында жаулап

					алуының салдарын айқындайды.; Қазақ хандығының Ресей империясының отарлық қосалқысына айналу процесін объективті тарихи тұрғыдан қарастыра отырып ашады; ХУІІІ ғасырдың екінші тоқсанындағы оқиғаларды талдайды және бағалайды. - ХХ ғасырдың басы. жаңа теориялық және әдіснамалық көзқарастар тұрғысынан. Мақсаты: Бұл пәннің мақсаты тарихи үрдістерді, ХУІІІ-ХІХ ғасырлар арасындағы оқиғаларды тарих ғылымындағы қазіргі замандағы деңгейлік тұрғы контекстінде көрші елдер халықтарының өзара әрекетте ашып көрсету болып табылады. Мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды мәселелерін, қазақ қоғамының таптық стратификациясын, Қазақстандағы Рухани мәдениеттің дамуын, қоғамдық-саяси жағдайды және жаңа тарих кезеңіндегі қазақ зиялыларының қызметін қарастыру. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек. Қазақстанның жаңа заманғы тарихының кезеңдері: Ресей империясының құрамындағы Қазақстан тарихын оқып үйренуді теориялық-әдістемеліктәсілдер эволюциясын және пікір-талас тудыратын мәселелер бойынша талдай отырып, тарихи деректер арқылы Қазақстанның жаңа заман тарихының негізгі проблемаларын түсіндіру. Сонымен бірге «жаңа империялық» тарих ұғымын жан-жақты ашып көрсету. Дағдылану керек: Проблемалық дәрестер әдістерін қолдану арқылы студенттердің шығармашылық ойлауын қалыптастыру. Өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау, ретроспективті, салыстырмалы тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістері негізінде оларды адамзаттың әлемдік тарихи дамуымен байланыстара көрсетуге дағдылану.Семинарларға дайындалу барысында қолда бар ғылыми әдебиетке өз бетінше сын көзбен талдау жасай білу. Меңгеру керек. Қазақстан қазіргі заман тарихындағы даму фазалары мен ұлттық құрылыс идеяларын білу. Күрделі тарихи үдерістерді, құбылыстарды және жаңа заман тарихындағы Қазақстанның тарихи тұлғаларының қызметін оқытуда аналитикалық және аксиологиялық талдаулар жасау дағдысын меңгеру. Құзыреттілік: Оқытушылық және түйінді
9	Қазақстан тарихында	5	Қазақстан территориясынд	Қазақстанның қазіргі заман	Мазмұны: Қазақстанның истриясындағы батырлар туралы феномен ретінде ақпарат

	батырлар феномен ретінде		ағы ортағасырлық мемлекеттер	тарихы,	береді.Қазақстанның истрияларындағы қазақ батырларының пайда болуы және олардың қазақ халқының истрияларындағы алатын орны туралы мәселелерді қарастырады. Мақсаты: қазақ батырларының алатын орны туралы теориялық білімді қалыптастыру және қазақ халқының истриясында батыр ретінде қалыптасу Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: Шығыстың ортағасырлық өркениеттері эволюциясының тарихын; қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық-әдіснамалық мәселелерін.; Дағдылану керек: ортағасырлық шығыс өркениеттерінің мәдениеті мен қоғамын дамытудағы маңызды белгілерді бөліп көрсету,- жазбаша және ауызша жауаптар түрінде өз қызметінің нәтижелерін ұсыну. Меңгеруі керек: Қазақстанның жаңа тарихындағы ұлттық құрылыстың даму кезеңдері мен идеяларын білуі керек. Күрделі тарихи үдерістерді, құбылыстарды және Қазақстанның тарихи тұлғаларының қазіргі тарихтағы қызметін оқытуда аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгеру Құзыреттілік: Оқытушылық және тәрбиешілік
10	Мұрағаттану	4	Археология, Мұражайтану	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Мазмұны: «Мұрағаттану» пәні білім алушыларға мұрағаттардың қалыптасуы және қызметінің заңдылықтары туралы білім береді, мұрағаттану саласына байланысты заңдар және негізгі нормативтік-әдістемелік құжаттармен таныстырады, мұрағаттарда құжаттарды жинақтау және құжаттардың құндылығын сұрыптауға байланысты, оларға ғылыми-анықтамалық аппарат құру, сақталуын қамтамасыз ету және түрлі мақсаттарда пайдалану, сондай-ақ мұрағаттық құқық, менеджмент және маркетинг туралы түсініктерін кеңейтеді Мақсаты: Қазақстан республикасының ұлттық архив қорымен таныстыру, оның жүйелерін үйрету. Қазақстан Республикасындағы архив және мемлекеттік архивтану функцияларымен таныстыру.Студенттергебүгінгі мұрағат ісінің объективті жағдайынан әрі оның кешенді ғылыми пән ретінде мұрағаттану теориясының негіздерінен білім беру. Күтілетін нәтиже: Студенттер білу керек керек: Мұрағаттану пәнінің мақсат-міндеттері туралы білуі керек. Пән бойынша студенттер мұрағат ұғымы жайлы және

					оның жіктелуі туралы білуі керек. Тарихи фактілерді талдау, тарихи оқиғаларды табиғи мәнін ашып көрсету, оларға баға беруді білуі керек. Мұрағат ісінің қалыптасуы мен дамуы жайлы білуі керек. Дағдылану керек. Қазақстанағы мұрағат ісінің ерекшеліктері туралы білуі керек. Тарихи деректер мен құжаттар, тарихнамалық әдебиеттермен жұмыс жүргізуді және оны сараптауды меңгеруі керек. Тарихи білім берудің талаптарын, ғылыми – методологиялық негіздерін меңгеруі керек. Меңгеру керек. Өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау, салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістері негізінде оларды талдау, меңгеру. Студент конспект жасау, реферат жаза білу, ғылыми әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істей білуі, практикалық сабақта зерттеу жұмыстарын жасай білуді меңгеруі керек. Құзыреттілік: Зерттеушілік және әдістемелік
10	Мұрағат ісінің теориясы мен әдістемесі	4	Археология, Мұражайтану	Қазақстанның жаңа заман тарихы, Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Мазмұны: Курсты оқу барысында студент: - мұрағат ісінің теориясы мен әдістемесі саласындағы терминдерді және нормативтік құқықтық актілерді; ҰМҚ құжаттарының ғылыми-анықтамалық жүйесін білу тиіс. Мұрағат ісінің теориясы мен әдістемесі. Мұрағат ісі мен құжаттаманы басқару саласындағы практикамен ұштасқан кәсіби білім. Қазіргі заманғы ақпараттық ресурстар. Өндірістік қызметті жоспарлау және ұйымдастыру. Мұрағат ісінің теориясы мен әдістемесі. Мұрағат ісі мен құжаттаманы басқару саласындағы практикамен ұштасқан кәсіби білім. Қазіргі заманғы ақпараттық ресурстар. Мақсаты: студенттерді тарихпен Қазақстан мұрағаттарының қазіргі жаңалығымен ұлттық мұрағат қорының мазмұны мен мұрағаттарға құжаттарды ұйымдастыру мен тапсыру. «Мұрағат ісінің теориясы мен әдістемесі» оқытудағы міндеттер болып мынадай нәрселер табылады. Қоғам өміріндегі құжаттардың мәні, Қазақстан архив ісін ұйымдастырудан мәлімет беру, Құжаттарды ұйымдастыруда мемлекеттік ведомствалық, жеке архивтер ролін көрсету. Күтілетін нәтиже: Студенттер білу керек. Мұрағат туралы мәдени түсінігін алады. Студенттер құжаттарға экспертиза жасауға документтер таңдауға жинақтауға, архив

					информациялық технологияны пайдалануға үйрету Дағдылану керек. бағдарламалық: пәндік, психологиялық – педагогикалық және әдістемелік білімдер жүйесін, нақты әлеуметтік педагогикалық жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларынменгеру, педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау; Меңгеру керек. негіздерін педагогикалық мониторинг әдістерін, технологиялық рәсімдерді); білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өзара іс-әрекетімен рәсімдерін жүзеге асырады; Құзыреттілік: Зерттеушілік және әдістемелік
11	Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихы	5	Ортағасырлар тарихы, Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы	Өндірістік (педагогикалық) іс – тәжірибе, Дипломалды іс – тәжірибе, ГАК	Мазмұны: Шығыс және батыс елдерінің жаңа тарихының пәні оқу пәні ретінде 1918 жылдан ХХІ ғасырдың басына дейін батыс және шығыс елдерінде болған негізгі оқиғалардың әлемдік даму контекстінде зерттеу болып табылады. Мақсаты Батыс және шығыс елдерінің қазіргі тарихи кезеңінде халықаралық қатынастардың дамуы туралы нақты түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: шығыс және батыс елдерінің тарихын және әлемдік даму контекстінде зерттеу; қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық және әдіснамалық мәселелері; Істей алу керек: Шығыс және батыс елдерінің мәдениеті мен қоғамын дамытудың маңызды белгілері; Меңгеруі тиіс: білім алушылардың өзін-өзі реттеуін дамытуға ықпал ететін оқыту әдістері мен тәсілдерін, өзін-өзі бағалау және оқу жетістіктерін өзара бағалау әдістерін; білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметін ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін; оқу жетістіктерін бағалау теориясы мен технологиясын; Құзыреттілік: Оқытушылық
11	Батыс және Шығыс елдерінің қазіргі заман тарихының көкейкесті мәселелері	5	Ортағасырлар тарихы, Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы	Өндірістік (педагогикалық) іс – тәжірибе, Дипломалды іс – тәжірибе, ГАК	Мазмұны: қазіргі әлемдегі Шығыс және батыс елдері тарихының өзекті мәселелері, олардың ішкі және сыртқы саясаты туралы мәліметтер береді..Студенттер 20 ғасырдың басында Шығыс және батыс елдерінің саяси және экономикалық дамуы туралы толық теориялық ақпарат алады. Мақсаты: әлеуметтік-экономикалық даму және ішкі және сыртқы саясат мәселелерін қарастырады, сонымен қатар негізгі

					тарихи түсініктерді қалыптастырады. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: шығыс және батыс елдерінің тарихын және әлемдік даму контекстінде зерттеу; қазіргі шығыстанудың негізгі теориялық және әдіснамалық мәселелері; Дағдылану керек: Шығыс және батыс елдерінің мәдениеті мен қоғамын дамытудың маңызды белгілері; тарихи деректермен жұмыс істей білу ; Меңгеруі керек. Қазіргі заман кезеңінде Шығыс және батыс елдерінің тарихын тарих ғылымында зерделеу барысын, жетістіктерін білу; Тарихи материалды сыни тұрғыдан талдай білу; курс барысында алынған теориялық білім педагогикалық практика барысында, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында пайдаланылуы тиіс Құзыреттілік: Оқытушылық
12	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Қазақстанның жаңа заман тарихы	Өндірістік (педагогикалық) іс – тәжірибе, Дипломалды іс – тәжірибе, ГАК	Мазмұны: «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің Тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуы шет мемлекетермен дипломатикалық қарым қатынасы, сыртқы экономикалық саясаты, шаруашылық-әкімшілік реформалардың іске асырылуы мен оның қортындыларына көңіл аударылды. Қазақстан қоғамы рухани және идеологиялық болуы керек. Егемендік кезеңінде еліміздің саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер туралы айтылады. Мәселен саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың өмірге келуі, олардың бағдарламалық принциптері, ұлт аралық татулықты сақтау т.б. мәселелер қамтылады. Мақсаты: ғылыми дүниетаным мен азаматтық ұстанымды қалыптастыратын Қазақстанның қазіргі заман тарихы білімін жүйелеу; Қазақ халқының этногенезі мәселесін, Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттілік пен өркениеттер түрлері эволюциясын, аса маңызды тарихи фактілер мен оқиғалар жиынтығын, тарихтың сабақтары мен заңдарын тұтастай және объективті түрде қарастыруды көздеген қазіргі Отан тарихының ғылыми-негізді тұжырымдамасын жасау; полиэтникалық және поликонфессионалды қазақстандық қоғамды біріктірудің идеологиялық және рухани негіздерін қалыптастыру; жеделдетілген модернизация мен республиканың экономикалық және идеялық-мәдени жетістіктерге қол жеткізген даму моделін шынайы ғылыми тарихи білім мазмұнымен толықтыру; дүниежүзілік тарих ауқымындағы бүгінгі

					Қазақстан қазіргі заман тарихының қайталанбас ерекшелігі мен маңыздылығын анықтайтын ғылыми қағидаларын ашу. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек: тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңдері мен тарихи сабақтастығы жөніндегі білімін көрсетеді; өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра көрсетіп, сыни қарайды; Қазақстанның қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгереді; Дағдылану керек: тарихи өткенге сыни қарап, дәлелді мағлұматтардың негізінде қазіргі қоғамдық мәселелерді шешу жолын түсіндіреді; қазіргі қазақстандық даму моделінің ерекшеліктерін және маңыздылығын дәлелдеу; тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен ортақтық ұғымдарын, Қазақстанның рухани мұрасының терең тамырларын салыстырады; Меңгеру керек: ұлттық басымдықтарға сәйкес тарихи сана мен дүниетанымдық қағидалардың қалыптасуының маңыздылығын анықтайды; қоғамның демократиялық құндылықтарды толеранттық өзарақелісушілікті азаматтық ұстаным тұрғысында қабылдайды Құзыреттілік: Оқытушылық және ұйымдастырушылық-басқару
12	Қазіргі заман Қазақстан ның даму мәселелері	5	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Қазақстанның жаңа заман тарихы	Өндірістік (педагогикалық) іс – тәжірибе, Дипломалды іс – тәжірибе, ГАК	Мазмұны: "Қазіргі заман Қазақстанның даму мәселелері" курсы қазақстандық тарих ғылымының қол жеткізген ғылыми нәтижелеріне сүйене отырып, отандық тарихтың даму мәселелерін қарастырады. Пәнді оқу тарихи фактілер мен оқиғаларды ғылыми-теориялық ұғынуға, қазақ этносының орнын, әлемдік өркениеттегі мәдениетті анықтауға, тарихи сананы қалыптастыруға, студенттердің тарихи ойлауын дамытуын көрсетеді. Бағытталған жаңа тұжырымдамалық позиция, жаңа тарихи процестің көрінісін, қазіргі тарихи ғылымдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелерімен таныстырады; қазақстандық тарихи ғылымдағы негізгі өзекті пікірталастар туралы түсінік береді. Мақсаты: қазіргі тарих ғылымындағы Қазақстан тарихының даму мәселелерімен таныстырады; қазақстандық тарих ғылымындағы негізгі өзекті пікірталастар туралы түсінік береді. Күтілетін нәтиже: Студент білуі керек: отандық тарихтың

					өзекті мәселелерін; қазіргі Қазақстанның негізгі теориялық-әдіснамалық мәселелерін түсіну; қазақ қоғамының қалыптасып дамуы туралы теориялық білімін қалыптастыру. Дағдылану керек: - жаңа тұжырымдамалық ұстанымдарды, тарихи үдерістің жаңа көзқарасын жариялау; жазбаша және ауызша жауап түрінде өз қызметінің нәтижелерін ұсыну. Меңгеру керек. Қазақстанның қазіргі заман дамуының көкейкесті мәселелері туралы білімдерін қалыптастыра білу; Қазақстандық тарих ғылымының қол жеткізген ғылыми нәтижелері туралы дағды біліктіліктерін арттырады, отандық тарихтың өзекті мәселелерін зерттеп, меңгере алу керек; Құзыреттілік: Оқытушылық және ұйымдастырушылық-басқару
13	Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы (ҮІ – ХІХ ғғ.)	5	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы,	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Мазмұны: «Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы» курсы оқытуда студенттерге қазақ халқының рухани мәдениетінің құндылықты-мәндік мазмұны мен тарихилығын, бай мұралардың мағынасын, өркениеттік теория тұрғысынан халықтардың мәдени дамуындағы заңдылықтар мен бағыттарды, мәдени жетілу мен трансформацияның маңызын ашып көрсету. Сонымен қатар, Отанымыздың төл тарихын жетік білуге, ата – бабаларымыздың ежелгі мәдениетін, тұрмыс – салтын тарихи негізде, көршілес елдер және дүниежүзі тарихымен байланыстыра оқыту болып табылады. Курс студенттердің тарихи танымын қалыптастырып, адамзат тарихын ғылыми тұрғыдан тануға жағдай жасауға бағытталған. Мақсаты «Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы» курсы оқытуда студенттерге қазақ халқының рухани мәдениетінің құндылықты-мәндік мазмұны мен тарихилығын, бай мұралардың мағынасын, өркениеттік теория тұрғысынан халықтардың мәдени дамуындағы заңдылықтар мен бағыттарды, мәдени жетілу мен трансформацияның маңызын ашып көрсету. Күтілетін нәтиже: Студент білу керек: қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекшелігі мен оның қазақ халқының өміріндегі орны туралы білуі керек. дүниетанымдық сипаттағы жүйелі білім; қазақ халқының рухани мәдениеті тарихы жөнінде әдебиеттер және деректермен

